

Казталов ауданы әкімінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы "Казталов ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 наурызда № 3859 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 84 ұсынысына сәйкес, Казталов аудандық сайлау комиссиясының келісімі бойынша аудан әкімі **ШЕШІМ**

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Казталов ауданы әкімінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 1 "Казталов ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3192 тіркелген, 2013 жылғы 8 наурыздағы "Ауыл айнасы" газетінде жарияланған) шешімінің қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін :

27 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
" 27. № 245 сайлау учаскесі.

Шекаралары: Жаңажол, Танат ауылдары, Қараоба, Айғанша, Дәсі, Ақкөл, Құлақ, Сад, Малақан, Қаражыра, Сұлтаншеген ауылшаруашылығы мекендері.
Дауыс беру үшін учаскенің орналасқан жері: Жаңажол ауылы, С. Датұлы көшесі, 25 үй, ауылдық мәдениет үйі. "

38 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
" 38. № 256 сайлау учаскесі.

Шекаралары: Көмекші ауылы, Төремұрат, Жылти, Нарөлген, Байжиен ауылшаруашылығы мекендері.

Дауыс беру үшін орналасқан жері: Көмекші ауылы, С. Зұлқашев көшесі, 11/1 үй, ауылдық клуб. "

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М. Құсайыновқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Н. Құтхожин

К Е Л І С І Л Д І :

Казталов аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы
Н . Қ ұ т х о ж и н

12 наурыз 2015 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК